

стране: Ст. и материалы // Под ред. К. Богданова, Р. Николози, Ю. Мурашова. М.: Новое литературное обозрение, 2013г.– 308 с.

Түйінде

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы қарастырылған. Ақын жырларының эстетикалық күші мен өмірінің адамгершілік қырларын оқыт-білуідің студенттер тәрбиесінде, студенттер сенімін қалыптастыруды алатын маңызы улкен.

Summary

The study of the biography and creative way of great akyn Zhambyl Zhabayev. The idea about indissolubility of aesthetic force of akyn's verses and moral side of his biography must become basis of persuasion of our students.

ЖАМБЫЛДЫҢ ТАБИГАТ ЛИРИКАСЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИМДІ ЖОЛДАРЫ

Ш. А. Шортанбаев, аға оқытушы
(Алматы қ. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

А.А. Салықбаева,
(Алматы қ. №148 мектеп-гимназияның мұғалімі)

Көркем әдебиетті оқытуда туындыны тек әдеби тұрғыдан талдап қана оқытууды басшылыққа алу аздық етеді, көркем шығарманың берер тәрбиелік мәнін ескере отырып, онын адам жанына рухани ләззат сыйлауға, ізгілендірге, болмысын кемелдендірге, парасаттылыққа тәрбиелеуге, отансүйіштік, елжандылық сезімдерін қалыптастыруға да сенгі тиетінін елемеске болмайды. Елдің сүюге, жерді қадірлеуге, айналана, қоршаган ортаңа жанашырлықпен карауды үрететін әдеби-көркем туындылардың арнасы ауыз әдебиеттің басталып, күн бүтінгі деңін тоқтаусыз айтылып, жырланып келеді. Яғни, көркем әдебиеттік оку арқылы оқушының дүниетанымын, қоршаган ортага, табиғатқа деген көзқарасын қалыптастыруға болады. Откен ғасырда орта мектептерде жаңаша оқыту әдістемесі бойынша еңбектер жазған В.Я. Стоюнин мектептің негізі міндептерінің бірі ретінде «Оқушыларға табиғат пен адамға катысты шынайы түсініктерді» [1,5 с.] хабарлау қажет екенін басшылыққа алады. Әдіскер ғалымының пікірінше, оқушыларды шығарманы мән бересінен оқуға тәрбиелеу қажет, оларды көркем мәтін бойынша ойлануға, байқампаздыққа баулу, менгерту дұрыс. Бұл әдіс бүтінгі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде де өзекті, әр мұғалімнің қаріберінде болуға, басшылыққа алынуға тиіс деп есептейміз.

Қоршаган ортага, табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастырудың алғышарттары сәби шактап бастау алатынын ескерсек, бастауыш сыныптан бастап бұл мәселенің байыбына терең мән беріл, болашақ ұрпақтың табиғат-ананы аялауға, қоршаган ортага деген қарым-қатынасына, сезіміне, сеніміне селкеу түсірмейіміз керек. Бұл орайда көркем әдебиеттің алар орны, берер тағылымы өлшеусіз. Табиғат құбыльысын, дүние сырын түсінуге үмтүлуду адамзат омірімен сабактас десек, бұл тақырыпты жырлаудың да тарихы тереңде. Адам мен табиғат үндестігі қай заманнан бері жырланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Табиғат көрінісі көркем туындыда сан алушан мақсатты жұмсалып, тиісінше көркемдік қызметке бағытталатыны белгілі. «Оқушылардың табиғатқа ізгілік қатынастарын көркем шығармалар арқылы қалыптастыру мәселеісінде жалпы әдебиетті оқыту аясында нақтыланған белгілі бір ұстанымдар жүйесі болуы керек. Ол проблемалық аспектінің жузеге асырудагы педагогикалық әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз ететін педагогикалық үрдіс болып табылады» [2,346].

Орта және жоғары мектептерге арналған бағдарламаларда жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығының оқытылып келе жатқанына көп жылдың жүзі болды. Қайшылықты кезеңдердің бастан өткөрғен ақынның шығармашылық гұмырнамасы да талай теперішті көрді. Жамбылдың өнер адамы болып қалыптасуындағы ескен ортасының, ұлттық салт-дәстүрдің, әдеби мектептердің қаншалықты әсері болғанын, ақын өмір сүрген кезеңдері тарихи-әлеуметтік жағдайлардың шығармашылығының дамуына тигізген ықпалын- бүтінгі күн тұрғысынан түсіндіру, жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдау оқушыға он әсерін тигізетінін ескерген жөн. Екі дәуірдің жыршысы атанған ақынның саяси ұстанымдарын, кезеңдік сипаты басым туындыларын назардады.

тыс қалдырмай, окушыларға замана ағымына үн қатқан ақынның ақындық алымын, өлеңдерінің көркемдік қуатын дұрыс түсінуге, халқымыздың басынан өткен жағдайды дұрыс бағамдауға ықпал еткен дұрыс. Елін, жерін, Отанын сүйіп өткен, жырга қосқан ақын шығармашылығын оқыту арқылы өскелен ұрапқты елжандылыққа тәрбиелеу, ізгі қасиеттерге үндеу, ата дәстүрімізді сыйлау секілді құндылықтарымызды қалыптастыруға жол ашпақтыз.

Жамбыл Жабаев шығармашылығында табигат тақырыбының орын алуы заңды. Ақынның табигаты әсем, келбеті көркем Жетісу өнірінде өмір кешіп, шығармашылықтың биік шыңына шыққаны мәлім. Жамбылдың «Алатая», «Жаздың әні», «Жаз», «Көктем», «Тұған жерім», «Күн толғауы», «Балаларға тарту», «Шын жүректен» т.б. өлеңдерінде табигат көрінісі бірде өлеңнің идеялық мазмұнын ашуға, келесіде табигаттың эстетикалық образын жасауға, енді бірде адам мен табигат қарым-қатынасын суреттөуге бағытталып, әсемделе, өрнектеле түседі. Окушыларды табигатты құрметтеуге, аялауға шақыруда, ізгілік, мейірім ұялатуда ақын өлеңдерінің орны ерекше.

Ақын «Алатая» өлеңінде Жетісу табигатын, оның флорасы мен фаунасын жырлап қана қоймай, ауыздан дәмі кептес жемістерін, суреттеге тіл жетпес қазынасын шеберлікпен суреттейді. Өлеңнің окушының эстетикалық таным-талғамын қалыптастыруға, тұган жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға да әсері мол. Ақынның бұл өлеңін Жетісу табигатын жырга қосқан өзге ақындардың өлеңімен сабактастықта қарастыру да өз пайдасын тигізеді. Мәселен, көрнекті ақын Илияс Жансұғировтің «Жетісу суреттері» атты өлеңімен салыстыра отырып, кос ақынның өлке табигатын жырлаудағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ажыратада алуға, үйлесімділікten сыр аңғаруға бейімдеп, дагдыландағын жөн. Ақын қолданған көркемдік-бейнелеудердің катарында Абайдан келе жатқан әдемі тәсіл - кейіндеудің де кездесетінін окушы зердесіне ұялатып, салыстыра қарауға көніл болған дұрыс. «Алатая Жетісумен құшақтасқан, Еліне қазыналы қойыны ашқан»[3], немесе «Қарлы тау басы биік мұнар кептес, Сырласып, бұлттарменен болған кептес»[3], болмаса «Тұрлі андар мекен етіп, өніп-өсіп, Жүреді бір-бірімен боп тілекtes», - деген жолдардағы ақын салыстыруы, жансыз табигатқа жан бітіре суреттеге айрықша байқалады. Сырласу адамға гана тән дүние болса, ақын таудың ұшар басы бұлттармен сырластынын байқап, яғни, жансызға тіл бітіріп, өлеңнің поэтикалық қуатын арттырып тұр. Табигат құбылысын ақындық көнілмен бақылап, сезімін әсерлі жеткізген. Абай орнықтырган кейіндеудің ақын өлеңдерінде өзгеше ренқ алғанын, «Қалың ағаш жапырағы, Сыбырласып өзді-өзі» дейтін жолдармен үндесіп тұрғанын окушыға нақты долелден, тереніне бойлауға шақырамыз. Ақын ұғымындағы Алатая, Жетісу, Алматы атаулары біздіңше, тек сол өлке, өнір гана емес, казак атауымен төркіндес, Отан, атамекен сөздерімен мәндес, мағыналас. «Тауына Алматының көз жіберсем, Кара орман, бұрқыраган сұнын көрсем, Тұлғасы Алатаядың халқыма ұқсан, Кайратпен көтеріле түседі еңсем»[3] дейтін өлең жолдарында ақбасты Алатадың қазыналы халқына ұқсатынан көп сыр аңғарамыз. Табигаттың таңғажайып көрінісін сырттан тамашалап қана қоймай, оқырманиң ішкі жан әлеміне әсер ететін оның көркем бейнесін оқыту арқылы санаасына соулелі ой ұялату, ой дүниесі терең, мәдениетті, жаңа заман адамын тәрбиелеу де қоса жүзеге ассырылуы тиіс. Ақынның «Ай, жұлдыз, құннің көзі, жел менен су, Бәрі де сендердікі әлемге айғак» [3], - деп «Балаларға тарту» өлеңінде жар салуы да ел тұтқасына ие болар жас ұрапқтың болашағына деген сенімнен деп түсіндіруіміз керек шақырт санаасына.

Ақын өлеңдеріндегі табигат суреттері түрлі көркемдік-бейнелеу құралдары арқылы жасалып, окушының әсемдікке баулып, әдемілікке құштар болуға итермелейді. Дыбыс кайталаушылық, әпитет, тенеу, синтаксистік параллелизм, әсірелеу, дамыу тәсілдері үйлесім тауып, ақынның ойы мен сезімі астасып, шебер қиуласады. Табигат тек сыртқы сұлупымен ғана емес, ақын айтар ойымен, идеясымен жылдасып, бірігіп кеткен. Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне жетік, ежелгі дәүірден келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын шебер менгерген ақын ондағы сарындарды да жаңашылдықпен игеріп, сәтті стилемен өрнектегенін окушы танымына лайқтап, түсіндіріп, тиянақтап ұғындырган жөн. Лири-әпостық дастандарда, батырлар жырында жиі кездесетін тенеу, әсірелеудің үлгілері Жамбылдың табигат танудағы танымымен ұштасып, әдемі үйлесім тапқан. «Шын жүректен» өлеңіндегі табигат көріністерін «тұкті кілем түріндей», «қыздардың жиған жүгіндей», «қырдаң қызыл гүліндей» деген тенеулер арқылы суреттесе, «Мүйізі бұлт ілгендей», «желіні жерге тигендей» т.б. әсірелеулер ақын өлеңдерінде өзгеше леп қосқан. Заман тынысын, өзгерген өнір дидарын сомдауды табигат құбылыстарымен байланыста қарастырып, фольклорлық сарындарды пайдалануда жаңашылдық тұрғысынан келгенін байқаймыз. «Жаз» деп аталағын өлеңдеріндегі табигат байлығын суреттеге арқылы ел ырысының да мол болатынын жырлап, ондағы

байлықтың елдің берекесіне, құтына айналатынына окушысын сендіреді. Еңбектің маңызын жогары бағалап, оны жеңістің кілтіне, сарқылмас күштің көзіне балап, «Тырна да солай тіл қатты, Сүй деді нәрлі жас құрақ, Сүй деді бұлак сарқырат»^[3] деп толғауынан немесе «Күн толғауы» атты өлеңінде шүғылалы қунге жан бітіре «Нұрынан басқа елге де жылу жібер, Май күнін елімдегі сүйсін әлем»^[3] деп тіл қатуынан ақынның өзіне дейінгі көркемдік тәсілге шырай кіргізіп, түрлендіріп, жаңаша мән, сипат дарытканы деп түсінуіміз жөн секілді.

Жамбылдың әдеби-шығармашылық мұрасын терендетіп оқытуға арналған факультативтік сабактар, арнаулы электривтік курстар барысында ақынның көркемдік әлемін, оның ғылыми мәнін теренірек түсіндіруге, соның нағиесінде сабак жүргізуін түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, көркем әдебиетті ізгілендіре оқытуға, табигат лирикасын оқытуда эстетикалық біліммен қатар экологиялық саналылықты да жолға қоюға болатынын жадымыздан шығармауымыз керек.

Сабак барысында ақынның туып-өскен жері туралы, әсем табигаты жайлыш деректі, көркем фильмдерден үзінді көрсетсе, мәселен, «Жамбылдың жастық шағы» көркем фильмінде ақын шарлаған, жырлаған аймақтың ғажайып табиги картинасы туралы әдемі бейнекөріністер бар. Сондай-ақ, Жетісу табигатын айшақтаған көркем полотнолар да сабак мазмұнын байытга түсері сезіз. Асқақ Алатауды әнге қосқан Нұргиса Тілендиевтің «Алатау» әні де окуши кияльна қанат бітіріп, әсемдікке құштарлығын арттыра түсер еді. Бұл көрнекіліктер арқылы окушының ой-сезімін табигаттың сұлулылығына жақыннатар едік, ойша қабылдаудан нақты қабылдауга, тікелей эстетикалық әсер алуға, шәқірт ойын ақындық пафоспен жырланған табигат әлемімен ұштастыруға бейімдер едік. Жамбылдың табигат сұлулығын жырлаган поэзиялық туындылары арқылы тұган елі мен жерін сүйетін, оның толғаулы мәселесіне бей-жай қарамайтын, елінің өртегін ойлайтын, болашағына аландайтын, арманышыл, асқақ, отансүйіш үрпақты тәрбиелеу мақсатын көздеуден тұған сабактың алдына қойған мақсаты да орындалады деген сенім бар. Ақын өлеңдерін көркемдік тұрғыдан талдату арқылы окушылардың шығармашылығын, ойлау шеберлігін дамыту, ұлы дала тарихымен, география, экология, бейнелеу, музика пәндерімен байланыстыра, сабактастыра түсіндіру, заманауи құрылғылардың көмегімен слайдтарды пайдалану, ақын өскен өнірдің табигатының тұтас картинасын, панорамасын жасап, сабак арасында көрсетіп отыру, міне, осының бәрі, айналып келгенде, сабактың мазмұнды, жаңашыл бағытта отуіне серпін берер деген сенімдеміз.

Ақын өлеңдерінің тақырыптарын, жанрлық ерекшеліктерін, идеялық мазмұнын, көркемдік, поэтикалық қуатын, ондағы әдеби-теориялық ұғымдарды жете түсіндіру барысында окушылардың көркем әдебиеттің мән-маңызын, тәрбиелік мәнін терен түсінуге, жете ұғынуға жол ашылады. Ақынның тұған елге, өскен өнірге, атамекеніне арналған өлеңдерін оқыту арқылы жас үрпақ санасына Мәңгілік Ел идеясына адалдыкты, оның елін, жерін сүйеге деген отаншылдық сезімді қалыптастыруға болады. Тұған табигатқа деген сүйіспеншілікті көркем шығарма арқылы ояту, тәрбиелеу мәселесі бүгінгі заман окушысының дүниетанымына да аса қажет. Көркем туындының тәрбиелік мәніне, парасаттылыққа, ізгілікке ұмтылдыру сипатына, рухани-адамгершілікке жетелейтін күшіне күмән келтірмесек, онда табигат-Ана тақырыбы да өміршен, оқырман ұстанымын қалыптастыруға, окуши зердесіне сәуле шашуға септігі зор мәселе ретінде өзекті болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Голубков В.В. Методика преподавания литературы. -Москва, 1955. -460 с.
2. Құрманбаева К. Қазақ әдебиетін ізгілендіре оқыту.-Алматы, Білім.-2002.-128 б.
3. Жабаев Ж. Өлеңдер. Айтыстар. Дастандар. -Алматы, Мектеп.-1989.- 142 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы изучения жизни и творчества Жамбыла Жабаева.

Summary

In this article discussed the problems of studying the life and works of Zhambyl Zhabayev.

| | |
|--|-----|
| Бораш Р.Б. | |
| Жыр албы Жамбыл шығармашылығын оқыту..... | 359 |
| Сманова Н. | |
| Елбасы – ел білімі..... | 362 |
| Бейсенкулова А.А. | |
| Ж.Жабаевтың шығармаларында педагогикалық идеялар..... | 366 |
| Махабиева Б.О., Курмашева Н.Ж. | |
| Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын бастауыш сыныпта оқытудың тәрбиелік мәні..... | 369 |
| Сабырданқызы Г., Абдраман К. | |
| Жамбыл шығармаларының тәрбиелік мәні..... | 371 |
| Бакбергенова Р.К. | |
| Тіл үйренушілерге Жамбыл шығармаларын диалогтік оқыту..... | 373 |
| Ансабаев Д.С. | |
| Окушыларға Жамбыл Жабаев шығармаларының халықтық сипаттың таныту..... | 377 |
| Жаповкеева Г.Е. | |
| Актуальность педагогических идей Жамбыла Жабаева в воспитании подрастающего поколения..... | 379 |
| Искакова А.Г., Егизбаева З.С. | |
| Изучение биографии и творческого пути великого акына Жамбыла Жабаева. Отбор материала. Активизация деятельности студентов..... | 381 |
| Шортанбаев Ш.А., Салықбаева А.А. | |
| Жамбылдың табигат лирикасын орта мектепте оқытудың тиімді жолдары..... | 384 |
| Саденова А.Е., Курманова Т.В. | |
| Шетеллік студенттерге Ж. Жабаевтың шығармашылығын оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері..... | 387 |
| Маглұмова Г.С. | |
| Жамбыл Жабаев шығармаларының тіл көркемдігі және педагогикалық ойлары..... | 389 |
| Сарпекова М.М., Джамалетова А.У. | |
| Жамбыл айтыстарын оқытудың ерекшеліктері..... | 392 |
| Бейсембаева А.А. | |
| Использование произведений Жамбыла Жабаева и грамматических игр на уроках английского языка..... | 395 |
| Жабаева К.М. | |
| Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы ұлттық рухани құндылықтарды калыптастыру..... | 399 |
| Оспанова Г.С. | |
| Жамбыл шығармашылығын шығыс әдебиетімен байланыстыра оқыту..... | 402 |
| Аубакирова Л.Н. | |
| Жамбыл шығармашылығын жобалау әдісі арқылы оқытудың тиімді жолдары..... | 405 |
| Қашаулиева Г.К. | |
| Ақын даңқы – халық даңқы..... | 408 |
| Палмаганбетова Г.К. | |
| Жамбыл шығармалары негізінде ұсынылатын деңгейлік тапсырмалар..... | 411 |
| Сейдуллаева А.А. | |
| Бастауыш сыныпта оқытуға ұсынылуға тиіс Жамбыл өлеңдері..... | 415 |
| Оразқан А.С. | |
| Бастауыш сыныпта Жабаев шығармашылығын оқытудың инновациялық технологиялары..... | 417 |
| Ескентаева О.С. | |
| Жыр албы – Жамбыл..... | 420 |



ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ГЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN


Алматы қаласының әкімдігі
Алматы облысының әкімдігі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Акимат города Алматы
Акимат Алматинской области

Казахский государственный женский педагогический университет
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Almaty city department
Department of Almaty region
Kazakh State Women's Teacher Training University
L.N.Gumilev Eurasian National University



**«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ
(Алматы қ., 25 ақпан 2016 ж.)**

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-теоретической конференции
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – НАРОДНЫЙ ПОЭТ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»
(г.Алматы, 25 февраля 2016 г.)

MATERIALS
of the international scientific-theoretical conference
«ZHAMBYL ZHABAEV – NATIONAL POET OF GREAT STEPPE»
(Almaty, February 25, 2016)

Алматы, 2016